University of Gdańsk | Fahrenheit Universities

REVIEW

of the Dissertation of a Doctoral student at the Faculty of Law of the Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, by Assetova Gulnur Bakytovna on the topic "Civil law mechanism for protecting entrepreneurs` rights in the Republic of Kazakhstan: theoretical and practical problems",

submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty "6D030100-Jurisprudence"

1. Relevance and Novelty of the Dissertation.

The submitted dissertation research is devoted to a comprehensive theoretical and practical analysis of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights in the Republic of Kazakhstan. In a market economy, the dynamic development of the economic system of any state primarily depends on the effective implementation of entrepreneurial activity. Entrepreneurial activity is closely associated with risk, since economic risks are, as a rule, borne directly by entrepreneurs themselves as owners of the principal means of production. An entrepreneur assumes risks not only in relation to their own capital, but also with respect to a broad range of economic interests connected with the conduct of business activities. These circumstances substantiate the objective necessity of ensuring effective legal protection of property and other rights arising in the course of entrepreneurial activity. Moreover, the increasing complexity of market relations, the existence of legal barriers in the exercise of freedom of entrepreneurial activity, as well as the need to enhance the effectiveness of judicial and extrajudicial forms of protection, determine the relevance of the chosen research topic. In the dissertation, the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights in the Republic of Kazakhstan is examined as a pressing scholarly problem which, within civil-law doctrine, has not yet been sufficiently systematized or comprehensively studied. The author reasonably notes that, despite the examination in legal scholarship of certain aspects of entrepreneurial activity, the legal status of the entrepreneur, legal personality, entrepreneurial risk, and civil liability, their interrelation within the overall framework of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights remains insufficiently developed.

The dissertation provides a comprehensive analysis of the impact of the content and structure of the entrepreneur's legal status on the choice of civil-law remedies, the limits of their application, and their effectiveness. This approach is aimed at offering a scholarly explanation of contradictions arising in law enforcement practice, as well as at ensuring the theoretical coherence of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights.

The relevance of the research is determined by the necessity of considering the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights as a complex and

Faculty of Law and Administration
University of Gdansk

phone +48 58 523 2864
e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

Jana Bażyńskiego Str. 6
80-309 Gdańsk
www.prawo.ug.edu.pl

entrepreneurs' rights. Furthermore, the materials of the dissertation may be applied in legal education and in professional development programs for legal practitioners.

4. Assessment of the Methodological Framework of the Dissertation and the Alignment of Its Purpose and Plan with the Research Content.

To achieve the stated purpose and accomplish the formulated objectives, the author employed a set of general scientific, specialized legal, and empirical research methods. The methodological foundation of the work is formed by the methods of analysis and synthesis, which make it possible to examine socio-legal phenomena comprehensively in their interrelation and development. In addition, the application of comparative legal, formal-logical, systemic-structural, and statistical-analytical methods contributed to a comprehensive examination of the subject matter of the research.

In the dissertation, on the basis of domestic and foreign scholarly literature, as well as monographic and normative sources, the author substantiates an original position on the development of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights and the improvement of national legislation. The combination of the applied methods ensures the scientific validity and reliability of the conclusions and recommendations obtained.

The structure and content of the dissertation fully correspond to the stated purpose and objectives. The study consists of an introduction, two logically interconnected and systematically structured chapters, a conclusion, a list of references, and appendices.

The first chapter, entitled «Theoretical Foundations of Civil-Law Protection of the Rights and Legitimate Interests of Entrepreneurs in the Republic of Kazakhstan», is devoted to the disclosure of the theoretical and methodological foundations of the issues related to the protection of entrepreneurs' rights. The chapter analyzes the legal status of the entrepreneur in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan and examines the concept of the protection of entrepreneurs' rights and the content of the civil-law mechanism for their protection. In addition, foreign experience in the field of protection of entrepreneurs' rights is studied, and its significance and potential applicability within the national legal system are assessed.

The second chapter, entitled «Forms of Protection of the Rights and Legitimate Interests of Entrepreneurs», focuses on the practical aspects of protecting entrepreneurs' rights. This chapter comprehensively examines the specific features of judicial protection of entrepreneurs' rights, extrajudicial forms of protection, as well as institutional mechanisms for safeguarding their rights. In the concluding part of the chapter, issues related to the improvement of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights are analyzed, and scientifically substantiated proposals aimed at developing the current legislation and law enforcement practice are formulated.

Faculty of Law and Administration
University of Gdansk

phone +48 58 523 2864
e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

Jana Bażyńskiego Str. 6
80-309 Gdańsk
www.prawo.ug.edu.pl

An analysis of the content of the dissertation demonstrates that the author addresses a broad range of relevant issues within the scope of the research, undertakes a scholarly examination and substantiation of these issues, and formulates independent theoretical conclusions and practical recommendations on the subject under study.

5. The Doctoral Student's Personal Contribution to the Research Problem.

In the course of the dissertation research, the doctoral candidate has developed scientifically substantiated proposals aimed at improving the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights. In particular, specific proposals have been formulated for introducing amendments and additions to the Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan and the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan.

In developing these proposals, the positive aspects of foreign law enforcement practice, as well as contemporary scholarly approaches established in civil law doctrine, were taken into account. The formulated conclusions and recommendations demonstrate a high degree of independence of the research, its scientific originality, and the substantial personal contribution of the doctoral candidate to the development of the civil-law mechanism for the protection of entrepreneurs' rights.

6. General Assessment of the Overall Level of the Dissertation

The dissertation by G.B. Assetova entitled «Civil law mechanism for protecting entrepreneurs` rights in the Republic of Kazakhstan: theoretical and practical problems» constitutes an independent and completed scientific study. The work is characterized by internal logical coherence and contains new, scientifically substantiated theoretical and practical conclusions and recommendations obtained as a result of the doctoral candidate's independent scholarly research.

Based on the above, I believe that Assetova Gulnur Bakytovna's dissertationen titled: «Civil law mechanism for protecting entrepreneurs` rights in the Republic of Kazakhstan: theoretical and practical problems» meets the requirements for dissertations submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty «6D030100-Jurisprudence» and is recommended for public defense.

Foreign scientific consultant:
Dr hab., professor of University
of Gdansk
(Gdansk, Poland)

dr hab. Edvardas Juchnevičius
profesor Uniwersytetu Gdańskiego
Edvardas Juchnevicius

04/02/2026

Dean's Representative
for International Cooperation
Assoc. Prof. Edvardas Juchnevicius, PhD, D. Sc.

Faculty of Law and Administration
University of Gdansk

phone +48 58 523 2864
e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

Jana Bażyńskiego Str. 6
80-309 Gdańsk
www.prawo.ug.edu.pl

Гданьск университеті Фаренгейт Университеті

«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

1. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі және оның жаңалығы. Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кешенді талдауға арналған. Нарықтық экономика жағдайында кез келген мемлекеттің экономикалық жүйесінің серпінді дамуы, ең алдымен, кәсіпкерлік қызметтің тиімді жүзеге асырылуына байланысты. Кәсіпкерлік қызмет тәуекелмен тығыз байланысты, өйткені экономикалық тәуекелдер негізгі өндіріс құралдарының иесі ретінде тікелей кәсіпкерлердің өздеріне жүктеледі. Кәсіпкер тек өз капиталымен ғана емес, сонымен қатар өз қызметіне байланысты кең ауқымды экономикалық мүдделермен де тәуекелге барады. Осы мән-жайлар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын мүліктік және өзге де құқықтардың тиімді құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудің объективті қажеттілігін негіздейді. Сонымен қатар, нарықтық қатынастардың күрделенуі, кәсіпкерлік қызмет еркіндігін жүзеге асыру барысында туындайтын құқықтық кедергілер, сондай-ақ сот және соттан тыс қорғау нысандарының тиімділігін арттыру қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді. Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін азаматтық-құқықтық доктринада жеткілікті деңгейде жүйеленбеген әрі кешенді түрде зерделенбеген өзекті ғылыми мәселе ретінде қарастырады. Автор кәсіпкерлік қызмет, кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, құқықсубъектілік, кәсіпкерлік тәуекел және азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелері ғылыми әдебиетте жекелеген қырларынан зерттелгенімен, олардың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігімен өзара байланысы тұтастай түрде жеткілікті негізделмегенін орынды атап өтеді.

Диссертацияда кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің мазмұны мен құрылымының азаматтық-құқықтық қорғау құралдарын таңдау, оларды қолдану шектері мен тиімділігіне ықпалы кешенді түрде талданады. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын қайшылықтарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін күрделі әрі көпқұрамды құқықтық жүйе ретінде қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл тетіктің элементтері арасындағы өзара

Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті телефон: +48 58 523 2864 e-mail: edvaraas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl Яна Бажиньского көшесі, 6 80-309 Гданьск www.prawo.ug.edu.pl

байланысты ұғымдық, құрылымдық және функционалдық тұрғыдан талдау оның мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, континенттік және жалпы құқық жүйелерінде қалыптасқан қорғау үлгілерін салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттілігі негізделеді.

Бұдан бөлек, қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың көпдеңгейлі және әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы, соттық және соттан тыс қорғау тәсілдерінің қатар қолданылуы, сондай-ақ соттан тыс институционалдық тетіктердің маңызының артуы диссертациялық зерттеудің жоғары ғылыми және тәжірибелік өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін кешенді тәсіл негізінде зерттеуімен айқындалады. Онда:

– кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің нормативтік, институционалдық және құқық қолданушылық элементтерді қамтитын тұтас құқықтық жүйе ретіндегі азаматтық-құқықтық табиғаты заманауи құқық қолдану үрдістері мен кәсіпкерлік қатынастардың даму ерекшеліктерін ескере отырып ашып көрсетілген;

– кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің мазмұны мен құрылымының азаматтық-құқықтық қорғау нысандары мен тәсілдерін таңдауына, оларды қолдану шектері мен тиімділігіне ықпалы ғылыми тұрғыдан негізделген, сондай-ақ кәсіпкерлік тәуекелдің азаматтық-құқықтық қорғау тетігін жүзеге асырудағы рөлі айқындалған;

– Қазақстан Республикасының азаматтық, кәсіпкерлік және процестік заңнамасындағы олқылықтарды жоюға бағытталған жаңа теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар әзірленген, оларды кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы заң шығару бастамалары мен құқық қолдану тәжірибесінде пайдалануға болады.

Зерттеу қорытындылары ғылыми тұжырымдамаларды терең талдауға, шетелдік тәжірибені зерделеуге, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін жинақтауға негізделген. Бұл диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми тұрғыдан негізділігі мен сенімділігінің жоғары деңгейін айқындайды.

Осылайша, диссертациялық зерттеу кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамытуға елеулі үлес қосатын, азаматтық құқық ғылымы үшін маңызды әрі өзекті еңбек болып табылады. Жұмыс жоғары ғылыми өзектілігімен, айқын ғылыми жаңалығымен және тәжірибелік бағыттылығымен ерекшеленеді, бұл оны ғылыми ортада да, құқық қолдану қызметінде де сұранысқа ие етеді.

2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Азаматтық-құқықтық доктринаның ережелері мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін талдау нәтижесінде автор төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті телефон: +48 58 523 2864 e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl Яна Бажиньского көшесі, 6 80-309 Гданьск www.prawo.ug.edu.pl

1. Кешенді ғылыми зерттеу нәтижесінде кәсіпкердің құқықтық мәртебесіне авторлық анықтама тұжырымдалып, ол кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне негізделетін, кәсіпкердің құқықсубъектілігін, мүліктік дербестігін, кәсіпкерлік тәуекелін және азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қамтитын кешенді құқықтық санат ретінде негізделген.

2. Теориялық және нормативтік-құқықтық талдау негізінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына авторлық анықтама беріліп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде ғылыми тұрғыдан негізделген.

3. Құқық қолдану тәжірибесін зерттеу кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жасына қатысты құқықтық реттеудің әркелкілігін және соттылықты анықтауда формальді субъектілік өлшемге басымдық берілетінін анықтаған. Осыған байланысты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі мен Азаматтық процестік кодексін жетілдіру жөнінде нақты заңнамалық ұсыныстар тұжырымдалған.

4. Шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда соттан тыс институционалдық тетіктердің жоғары тиімділігі айқындалып, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған бизнес-омбудсмен институтын дамыту жөнінде ғылыми негізделген қорытындылар жасалған.

5. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың соттық және соттан тыс тетіктерінің өзара толықтырылатын көпдеңгейлі жүйесі қалыптасқаны негізделіп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету және уәкіл институтының процессуалдық мүмкіндіктерін кеңейту қажеттілігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

3. Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы алынған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылардың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі туралы ғылыми көзқарастарды толықтырып, дамытуымен айқындалады. Жұмыс кәсіпкердің құқықтық мәртебесі мен құқықтарды қорғау құралдарының өзара байланысын жүйелі түрде негіздеп, азаматтық құқық теориясындағы бірқатар өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері жоғары тәжірибелік маңызға ие және оларды Қазақстан Республикасының азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнамасын жетілдіруде, сот және соттан тыс құқық қолдану тәжірибесінде, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы институционалдық тетіктерді дамытуда пайдалануға болады. Сонымен қатар,

Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті телефон: +48 58 523 2864 e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl Яна Бажиньского көшесі, 6 80-309 Гданьск www.prawo.ug.edu.pl

диссертациялық жұмыстың материалдары заңгер мамандарды даярлау мен біліктілікті арттыру бағдарламаларында қолдануға жарамды.

4. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізін, мақсаты мен жоспарының оның мазмұнына сәйкестігін бағалау. Диссертациялық зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін автормен жалпы ғылыми, арнайы құқықтық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылған. Зерттеудің әдіснамалық негізін қоғамдық-құқықтық құбылыстарды олардың өзара байланысы мен даму үдерісінде кешенді зерттеуге мүмкіндік беретін талдау мен синтез әдістері құрайды. Сонымен қатар, салыстырмалы-құқықтық, формальді-логикалық, жүйелік-құрылымдық және статистикалық-талдамалық әдістерді қолдану зерттеу пәнін жан-жақты қарастыруға ықпал еткен.

Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, монографиялық және нормативтік қайнар көздерге сүйене отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамыту мен ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелеріне қатысты авторлық көзқарас негізделген. Қолданылған әдістердің жиынтығы алынған тұжырымдар мен ұсыныстардың ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Зерттеу кіріспеден, логикалық тұрғыдан өзара байланысқан және жүйелі түрде құрылымдалған екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған қайнар көздердің тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Бірінші тарау – «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін азаматтық-құқықтық қорғаудың теориялық негіздері» – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін ашуға арналған. Тарауда Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкердің құқықтық мәртебесі талданып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау ұғымы мен азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны айқындалады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы шетелдік тәжірибе зерделеніп, оның ұлттық құқықтық жүйе үшін мәні мен қолданылу мүмкіндіктері бағаланады.

Екінші тарау – «Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нысандары» – кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тәжірибелік қырларына арналған. Аталған тарауда кәсіпкерлердің құқықтарын сотта қорғау ерекшеліктері, соттан тыс қорғау нысандары, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетіктері кешенді түрде қарастырылады. Тараудың қорытынды бөлімінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру мәселелері талданып, қолданыстағы заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін дамытуға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар тұжырымдалады.

Жұмыстың мазмұнын талдау автордың зерттеу аясында өзекті мәселелердің кең шеңберін талқылауға ұсынғанын, қойылған мәселені ғылыми тұрғыдан негіздеп пайымдауға ұмтылғанын, сондай-ақ зерттеліп

Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті телефон: +48 58 523 2864 e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl Яна Бажиньского көшесі, 6 80-309 Гданьск www.prawo.ug.edu.pl

отырған тақырып бойынша дербес теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік негізделген ұсыныстар қалыптастырғанын көрсетеді.

5. Докторанттың зерттеліп отырған мәселеге қосқан жеке үлесі.

Докторант диссертациялық зерттеу барысында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі нақты ұсыныстар тұжырымдалған.

Ұсыныстарды әзірлеу кезінде шетелдік құқық қолдану тәжірибесінің оң жақтары және азаматтық құқық доктринасында қалыптасқан заманауи ғылыми тәсілдер ескерілген. Жасалған қорытындылар мен ұсыныстар диссертациялық зерттеудің жоғары деңгейдегі дербестігін, ғылыми жаңалығын және докторанттың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін дамытуға қосқан елеулі жеке үлесін айқын көрсетеді.

6. Диссертациялық жұмыстың жалпы деңгейіне сипаттама.

Г.Б. Асетованың «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы автордың дербес орындаған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді және докторанттың ғылыми ізденісі нәтижесінде алынған жаңа, ғылыми тұрғыдан негізделген теориялық және тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі осындай зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және ««6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға ұсынылады.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Dr hab., Гданьск университетінің профессоры
(Гданьск, Польша)
16.02.2026
Э.Э. Юхневичус /қолы/
Мөртабан:
dr hab. Edvardas Juchnevičius
Гданьск университетінің профессоры
Мөртабан:
Деканның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өкілі
Assoc. Prof. Edvardas Juchnevicius, PhD, D.Sc.
Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті
телефон: +48 58 523 2864
e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

Яна Бажиньского көшесі, 6
80-309 Гданьск

Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударманы мен, аудармашы, тілдік аудармалар бойынша жеке кәсіпкер Кулбаева Улбосын Амаловна аудардым . Ұялы.тел/, Whatsapp: +77024007524

Гданьск университетінің Құқық және әкімшілік факультеті телефон: +48 58 523 2864 e-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl Яна Бажиньского көшесі, 6 80-309 Гданьск www.prawo.ug.edu.pl

VISA PEREVOD KZ
ЦЕНТР ЯЗЫКОВЫХ ПЕРЕВОДОВ
+7 702 400 75 24
www.eservice.kz
Info@eservice.kz
Переводчик/Translator

Республика Казахстан, город Караганда пятое мая две тысячи двадцать шестого года, я, нотариус Камешовой Айданой Кайыржанкызы, нотариусом нотариального округа Карагандинской области, лицензия №21024966 от 25.08.2021 года, выданная Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи МЮ РК, свидетельствую подлинность подписи переводчика Кулбаевой Улбосын Амаловной. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за №593
Взыскано: 2292 тенге
Нотариус

НӨМІРЛЕНІП ТІГІЛДІ
ПРОШНУРОВАНО И ПРОНУМЕРОВАНО
НА 1 ЛИСТАХ
НОТАРИУС КАМЕШОВА ПАРАКТА

ST020801626050515272 3P298157

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия